

2009 жылғы көктемгі егістік жұмыстарын жүргізудің мерзімін белгілеу туралы

Күшін жойған

Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша аудандық әкімдігінің 2009 жылғы 5 мамырдағы N 188 қаулысы. Солтүстік Қазақстан облысының Тайынша ауданының Әділет басқармасында 2009 жылғы 8 мамырда N 13-11-150 тіркелді. Қолдану мерзімінің өтуіне байланысты күшін жойды (Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы мәслихатының 2012 жылғы 22 маусымдағы N 02.10-07-02-542 хаты)

Ескерту. Қолдану мерзімінің өтуіне байланысты күшін жойды (Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы мәслихатының 2012.06.22 N 02.10-07-02-542 хаты)

«Агроөнеркәсіптік кешен мен селолық аумақтардың дамуын мемлекеттік реттеу туралы» Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі № 66 Заңына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 30 қаңтардағы № 87 қаулысымен бекітілген 2009 жылғы көктемгі егістік және күзгі жиын-терім жұмыстарын жүргізу үшін қажетті жанар-жағармай материалдары мен басқа да тауарлы-материалдық құндылықтардың бағасын арзандатуға ауылшаруашылық тауарөндірушілеріне субсидия төлеу Ережелерінің 12 тармағына сәйкес, Қазақстан Республикасы ауыл шаруашылығы Министрлігі ғылыми-өндірістік орталығының ұсынымы негізінде аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Тайынша ауданы бойынша 2009 жылғы субсидияланатын приоритеттік ауылшаруашылық дәнді-дақылдардың түрлері бойынша көктемгі егістік жұмыстарын жүргізудің оңтайлы мерзімі келесі тәртіпте белгіленсін:

- 1) жаздық бидай – 15 мамырдан 30 мамыр аралығында;
- 2) (орташа кеш сұрыпты) арпа – 25 мамырдан 30 мамыр аралығында;
- 3) (орташа пісетін сұрыпты) арпа – 30 мамырдан 5 маусым а р а л ы ғ ы н д а ;
- 4) (орташа кеш сұрыпты) сұлы – 25 мамырдан 30 мамыр аралығында;
- 5) (орташа пісетін сұрыпты) сұлы – 27 мамырдан 30 мамыр а р а л ы ғ ы н д а ;
- 6) асбұршақ – 25 мамырдан 30 мамыр аралығында;
- 7) қарақұмық – 20 мамырдан 25 мамыр аралығында;
- 8) тары – 28 мамырдан 5 маусым аралығында;
- 9) рапс – 6 мамырдан 20 мамыр аралығында;
- 10) зығыр, қыша – 15 мамырдан 20 мамыр аралығында;

11) майлы дақылдар тұқымына күнбағыс – 10 мамырдан 18 мамыр аралығында ;

12) біржылдық шөптер – 1 маусымнан 10 маусым аралығында;

13) картоп – 15 мамырдан 20 мамыр аралығында;

14) көкөністер – 27 сәуірден 11 маусым аралығында;

15) сүрлемге жүгері – 17 мамырдан 25 мамыр аралығында.

2. Осы қаулы бірінші ресми жарияланған күннен қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

А. Маковский